

Қазақстан Республикасы мемлекеттік әуе кемелерінің тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 12 тамыздағы N 999

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы № 2697 жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әуе кемелерінің тізілімі қоса беріліп отырған нысанда /бұдан әрі - Тізілім/ құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлерімен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып үш ай мерзім ішінде:

көрсетілген Тізілімге мемлекеттік әуе кемелерінің тіркеуін жүргізсін;

Тізілім жүргізу, сондай-ақ тіркеу туралы куәлік беру тәртіптерін бекітсін;

Тізілімге енгізілген әуе кемелерінің иелеріне тіркеу туралы куәлік берсін;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникацияларминистрлігімен келісе отырып және өз құзыреті шегінде мемлекеттікавиацияны пайдаланушылар үшін әуе кеңістігін қауіпсіз пайдаланудыреттейтін ережелер, тәлімдемелер, нұсқаулықтар, басқа да нормативтікқұқықтық актілер шығарсын және олардың орындалуына бақылау ж а с а с ы н ;

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау ҚазақстанРеспубликасының Қорғаныс министрлігіне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 12 тамыздағы

N 999 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы мемлекеттік әуе кемелерінің

ТІЗІЛІМІ

Р/н|Әуе кеме.|Толық |Шыққан|Авиадвигательдің|Авиадвигатель.|Ескерту

|сінің |зауыт.|жылы |үлгісі және |толық зауыттық|

|түрі |тық | |модификациясы |нөмірі |

| |нөмірі| | |

1	2	3	4	5	6	7	

Т і з і л і м д і ж ү р г і з у г е

жауапты адамның лауазымы

/қолы/

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК